

03.06.2024 ж № D00063

**Жартылай дайын өнімдерден
тағамдар әзірлеу технологиясы**

КАМАЛОВА РОЗИГУЛЬ АЛМАХУНОВНА
Алматы обласы Енбекшіқазақ ауданы
«№ 1 облыстық арнайы мектеп-интернаты» КММ
Көркем еңбек пәні мұғалімі




Бөлімі: Тамақтану мәдениеті		
Мұғалім:	Камалова Розигуль Алмахуновна	
Пәні:	Көркем еңбек	
Күні:	10.04.2024	
Сабақ тақырыбы:	Жартылай дайын өнімдерден тағамдар әзірлеу технологиясы.	
Сыныбы: 6 «А» 6 «Г»	Қатысқандар:	Қатыспағандар:
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	6.2.4.3-Жылдам орындалатын тағамдарды дайындау технологияларын білу және қолдану. 6.2.4.4 әр түрлі тағамдарды дайындау үшін азық-түліктер, құрал-жабдықтармен керек-жарақтарын анықтау және таңдай білу және қолдану.	
Сабақтың мақсаттары:	Барлық оқушылар: Жартылай дайын өнімдерден дайындалатын жылдам әзірленетін тағам түрлерін және дайындау технологиясын білді; Оқушылардың басым бөлігі: Жартылай дайын өнімдерден жылдам орындалатын тағамдарды түрлерін ажырата алады; Кейбір оқушылар: АКТ-ны қолдана отырып жартылай дайын өнімдерден әр түрлі тағамдар дайындайды.	
Бағалау критерийлері	1. Жылдам орындалатын тағамдарды түрлерімен таныса отырып, ажырата алады. 2. Жылдам орындалатын тағамдарды дайындау технологиясының орындау жолдары тұрмыста қолдана алады.	

Құндылықтарға баулу		Оқушылар арасында жақсы қарым-қатынас орнату, Оқушылар бір – бірін тыңдай біліп, басқалардың жұмыстарына құрметпен қарап, ойын еркін жеткізу, Оқушыларға эстетикалық тәрбиені қалыптастыру.		
Пәнаралық байланыс		математика, биология		
АКТ қолдану		Слайд, презентация, дыбыстық бейне		
Алдыңғы білім		Пәнге қатысты лексика мен терминология білу Өткен тапсырмаларды еске түсіру.		
Сабақ барысы				
Сабақтың кезеңі/уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы 3 мин	- Сәлеметсіздер ме, қыздар! - Қош келдіңіздер! Жағымды психологиялық ахуал орнату. Ал қыздар мен сіздерге көтемнің әдемі гүлдерін силық ретінде бергім келеді, таңдап алыңыздар. Енді алған гүлдердің түсіне қарай бас әріпінен келетін жылы сөздерді бір-біріңе айтыңдар.	Мұғаліммен амандасады.		Презентацияда жазулы тұрады Слайд1
2 мин	Топтарға бөлу. Гүл түстері бойынша бөліну. Алдыңғы бөлімді еске түсіру негізінде «Арқан тарту» әдісімен сұрақтарға жауап	Екі түсті гүлдерді таңдап алып, келесі білім алушыға таңдаған гүлдің түсінің алғашқы әріпіне байланысты жағымды пікір айтады.Гүл түс бойынша топқа бөлнеді	Сұрақтарға толық жауап	Слайд2 сұрақтар

	береді: 1 Қазақ халқының ұлттық тағамдарын айт? 2.Орыс халқының ұлттық тағамдарын айт? 3 Дастарқан басында өз-өзін ұстау мәдениеті ? 4.Дастарқанды жабдықтау дегеніміз не ? 5.Қандай дастархан жабдықтау түрлерін білесіздер? 6 Асханада қандай электро техникалық жабдықтар білесіздер? 7 Дұрыс тамақтану дегенді қалай түсінесіңдер? Дескриптор <i>Сұрақтарға толық жауап береді</i>	Білім алушылар сұрақтарға жауап береді: 1.Бешбармақ,бауырсақ,қазы,қуырдақ т.б 2.Вареники,борщ,окрошка,пельмени т.б 3.Сораптап ішпеу, түзу отыру,нан қоқымын шашпау, сөйлемей т.б 4.Дастарқанға ыдыстар мен тамақтану құралдарын дұрыс орналастыру. 5.Таңғы ас, түскі ас, кешкі ас,кофе не шай дастарқаны т.б 6.Электроплита,тоңазытқыш,жылытқыш,миксер т.б 7.Пайдалы азық-түліктерді көп қолдануымыз қажет.	Ынталандыру сөздері айтылады «Жарайсың», «керемет», «жақсы», «талпын» т.б	
Сабақтың ортасы жалпы мин	Жаңа сабақты түсіндіру Сабақтың тақырыбы: Жартылай дайын өнімдерден тағамдар әзірлеу			Слайд3 Видео

7 минут	технологиясы. Сабақтың мақсаты - Мен сіздерте осы тақырыпқа мәлімет дайындауға тапсырма бердім. - Жартылай дайын өнімдер-әрі қарай аспаздық өндеуге дайын өнімдер. Дайындау үшін 20 минуттан артық уақыт кетпейді. Жартылай дайын өнімдер олар : котлет,бифштекс,тефтели,бұршақ ет,шницель,зразы және т.б - Ал қыздар сіздерге тақырып түсінікті болса, мен сіздерге тапсырма бермін. 1.Тапсырма. Топтық жұмыс: «Кір қыстырғыш» әдісі арқылы жүзеге асады. суреттер арқылы жылдам орындалатын тағамдар мен ұзақ дайындалатын тағам түрлерін ажыратады 1. Топ. Ұзақ дайындалатын тағамдарын	1. Оқушы мәліметпен таныстырады. 2. Жартылай дайын тағамдар мен ұзақ дайындалатын тағамдары туралы айтады. 3. Мәтінге сүйене отырып оқушылар жауап береді.	    	ролик https://www.youtube.com/watch?v=AFqUX1xwZPY&t=122s
3 минут	суреттер арқылы жылдам орындалатын тағамдар мен ұзақ дайындалатын тағам түрлерін ажыратады	   	Слайд4 суреттер Қалыпт	

2 минут	2. Топ. Жылдам дайындалатын тағамдар Дескриптор: <i>Білім алушы</i> 1.Суретпен танысады. 2.Жылдам дайындалатын және ұзақ дайындалатын тағам түрлерін ажырата алады. 3.Суретті кір қыстырғышқа іледі.		астырушы бағалау: «Мадақтау» Суретті көп ілген оқушыларды мадақтаймын.	Слайд5
20 минут	Саралау тәсілі қорытынды: Оқушылардың барлығына бірдей тапсырма беріледі, оқушылардың деңгейі әр түрлі болғандықтан әр түрлі жауап береді (Диалог және қолдау көрсету). Берілген тапсырма оқушыларға бірдей болғандықтан тапсырманы орындау барысында кейбір оқушыларға көмек, қолдау көрсетемін. Сергіту сәті: Нейро жаттығу Мұғалім сергіту әнін қосады, ал оқушылар Нейро жаттығуын орындап орындарын ауыстырып жаттығуларын жалғастырады 3.Тапсырма. Топтық жұмыс:		Қалыптастырушы бағалау Топаралық бағалау Екі жұлдыз бір тілек	Слайд6  Ақ парақ, маркер.

	Оқушылардың ойлауына негізделді «Тұжырымдамалық карта» құрастыру әдісі Азық-түліктерге назар аударып, жылдам дайындалатын тағамдарын құрастырып, жасау технологиясын постер арқылы қорғайды. Дескриптор: 1.Әр топ берілген тапсырманы талқылайды, 2. Дайындау процесін постерға түсіреді. 3. Тақта алдында постер қорғайды	3. Тақта алдында постер қорғайды Санитарлық – гигиеналық талаптарды сақтау. Асханада жұмыс жасау барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау.		
Сабақтың соңы Кері байланыс 5 минут	«Кім не білді?» әдісі арқылы жүзеге асады. - Осы сідер дайындаған тағамдар тез дайындалатын тағам түріне жатама? - Тез дайындалатын тағамдардың артықшылықтары мен кемшіліктері қандай? - Дескриптор: <i>Білім алушы</i> 1.Оқушылар тақырып бойынша қойылған сұрақтарға жауап береді.	Оқушылар өз жұмыстарына бесенді талдау жасайды Сұрақтарға жауап береді. Өз ойын айтады.	Қалыпт астырушы бағалау: кім қанша сұраққа жауап берді	

3 минут	Рефлексия Мұғалім сабақты қорытындылау мақсатында оқушылардың сабаққа деген көзқарасын, рефлексиясын байқайды. Оқушылар әр түрлі смайликтерді жабыстыру арқылы сабақ жайлы пікірлерін айтады: Күлген смайлик– сабақ ұнады; Ойланған смайлик – жақсы оқуға тырысамыз; Жылаңқы смайлик– сабақты түсінбедім;	Оқушылар смайлик арқылы өз пікірлерін білдіреді.	Өз ойын дұрыс мағынада білдіріп, талқылауға белсенділікпен қатысқан оқушыға «Жарайсың!» деген мадақтау сөзімен ынталандыру.	
-----------------------	---	---	---	--

№ E00042 07.06.2024 ж

Ойын кезінде көшбасшылық дағдыны қалптастыру

МАХМУТ РУСЛАН

**Түркістан облысы Қазығұрт ауданыны
Қаржан жалпы білім беретін мектебінің
денешынықтыру пәнінің мұғалімі**

Бөлім:		
Педагогтің аты-жөні:		
Күні:		
Сынып: 5	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы	Ойын кезінде көшбасшылық дағдыны қалптастыру	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	5.2.2.2 Көшбасшылық дағдылар мен команда құрамында жұмыс істей білуді көрсету және қолдана білу.	
Сабақтың мақсаты	Оқушылар қимыл әрекеттерінің дәлдігін бақылауды және үйлесімділікті дамытуға арналған қимыл-қозғалыс дағдыларын көрсетеді.	
Құндылықтарды дарыту	Ойын арқылы мәселелерді шешу дағдыларын дамыту. Дене жаттығуларын орындау барысында денсаулықты нығайту.	

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі/уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
------------------------------	---------------------------	-------------------------	----------------	------------------

<u>Сабақтың басы</u>	Дайындық бөлімі: Оқушыларды қатарға тұрғызу. Сәлемдесу. Рапорт қабылдау. Оқушылардың спорттық киімдеріне назар аудару. Сабақтың тақырыбымен және мақсатымен таныстыру. Бағалау критерийлерін анықтау. Техника қауіпсіздігін ескерту. Бой жазу жаттығуларын орындау. Тыныс жолдары қалпына келтіру.	Оқушы: Киім үлгісін сақтау. Мұғалімнің айтқан ескерету немесе нұсқаулығын орындау.	Ұпай	Қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқаулық, ысқырғыш, секундомер, метр, орам, конустар, жалаушалар, доптар
------------------------------------	---	---	-------------	--

Сабақтың ортасы	«Доп төрт жақтан». Ойыншылар төрт командаға бөлінеді. Әр командадан бір ойыншы қолында доппен шеңберге қарама қарсы тұрады. Белгі бойыншы өзінің бірінші ойыншысына допты лақтырады. Допты қабылдаған ары қарай өз команда ойыншыларына лақтырады. Соңғы ойыншы, допты алып шеңберге қарай доппен жүгіреді, ал шеңберде тұрған ойыншы бірінші болып тұрады. Ойын соңғы ойыншы бірінші болып жеткенше жалғасады. Қарсыласын кедергі жасауға болмайды. Барлық ойыншылар шеңберде допты беру қызметін атқарғаннан кейін аяқталады. Дескриптор : -ойында қауіпсіздік ережесін сақтайды - допты жоғарыдан қабылдай алады. -допты жоғарыдан кері әріптесіне қайтара алады. Бағалау: тапсырманы орындағаннан кейін мұғалім оқушыларға өзара бағалау жүргізуді ұсынады.	Білу: Ойынының қауіпсіздік ережесі біледі. Түсіну: Орындалатын жаттығуларды түсінеді. Қолдану: Командалық әдіс тәсілді қолданад	Ұпай Ұпай	http://msuathletics.ru/books/sprint/sprint_technique.html Қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқаулық, ысқырғыш, секундомер, метр, орам, конустар, жалаушалар, доптар Ысқырық Спорт алаңы Уақыт өлшегіш Аяқ добы Футбол добы
-------------------------------	--	---	-------------------------	---

	Мұғалім сұрақ қояды: - Осы тапсырма қандай дене қасиеттерді дамытады? - Допты қабылдауда қандай әдіс тәсілдерді қолдандыңыз? Мұғалім, оқушыларды дұрыс жолға бағыттайды және қандай да бір қиыншылықтар мен тіл проблемалары туралы ескертулер жазып алады (спорт терминологиясы және т.б.) Мұғалім кейде оқушыларға ынталандырушы сұрақтар қойып, олардың қаншалықты тапсырманы орындаумен айналысып отырғанын тексереді.			
<u>Сабақтың соңы</u>	Сабақты қортындылау: Мұғалім оқушылармен		Бас бармақ	

	кері байланыс орнатады. Оқушылар сабақ барысында нені білгенін, қалай жұмыс жасағанын, не қызықты әрі жеңіл болғанын, не қиындық туғызғаны туралы ой-пікірлерін білдіре алады. Қателіктерін айту және түсіндіру. Рефлексия -Бүгін сабақ маған ұнады, себебі мен..... үйрендім. - Маған.....қиын болып көрінді. -Мен енді үйренгім келеді			
--	---	--	--	--

№ E00047 07.06.2024

Дыбыс және әріп

МЫРЗАШЕВА СУЛУФАН ТЕМИРГАЛИЕВНА

Атырау қаласы «Жалпы білім беретін

Алмалы орта мектебі»

Бастауыш сынып мұғалімі

Білім беру ұйымының атауы				
Пәні:		Қазақ тілі		
Бөлім:		Демалу мәдениеті.		
Педагогтің аты-жөні:				
Күні:				
Сынып:				
Сабақтың тақырыбы:		№123. Дыбыс және әріп		
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты:		3.3.5.1 жіберілген пунктуациялық, орфографиялық, грамматикалық және стилистикалық қателерді мұғалімнің көмегімен тауып, түзету 3.4.1.4* х, h әріптері бар сөздерді ажыратып жазу		
Сабақтың мақсаты		Жіберілген пунктуациялық, орфографиялық, грамматикалық және стилистикалық қателерді мұғалімнің көмегімен тауып, түзетеді		
Құндылықтар		Ұлттық мүдде: қазақ тілінің аясын кеңейту		
Сабақтың барысы				
Сабақтың кезеңі// уақыты	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар

Сабақтың басы 5 минут Өткенді пысықтау 5 минут	Психологиялық ахуал  Үй тапсырмасын тексеру Оқу тапсырмасын тексеру 15-жаттығу Мақалдардың жалғасын тауып жаз.	Амандасады Жақсы тілектер айтады.	 ҚБ:1-10 балл Дескриптор: Мақалдардың жалғасын тауып жазады Сұрақтарға жауап береді	Көңіл күй стикерлері оқулық 
Сабақтың ортасы 20 минут	Жаңа тақырып Айтылым. Оқылым ФС тапсырмасы «Бинго»әдісі 18-жаттығу Мәтінді оқы. Ержүрек қыз. Мәтіннің тақырыбы мен ондағы негізгі ойды анықта. Жоспарға сәйкес мәтінді төрт бөлікке ажырат. 1.Мәншүктің өтініші	Үй тапсырмасын тексертеді. Жаңа сабақты меңгертеді Өлеңді мәнерлеп	ҚБ: 1 -10 балл Дескриптор: Өлеңді мәнерлеп оқиды Мәтіннің тақырыбы мен ондағы негізгі ойды анықтайды	Суреттер Қималар

Сергіту сәті 2 минут	2.Жаудың қарсы шабуылы 3.Мәншүктің батыл қадамы 4.Құрметті атақ Жоспар бойынша мәтін мазмұнын жаз. 19-жаттығу. Мақалды тиісті тыныс белгілерімен толықтыр. Мақалдағы баяндауыштардың қай сөз табынан жасалғанын айт. Сызықшаның неліктен қойылғанын түсіндір.  20-жаттығу. В, Ф,ц,ч дыбыстары туралы білетінінжі еске	оқиды Көркем жазады Сергіту	Өте жақсы оқыдың! Жарайсың! ҚБ: 1 -10 балл Дескриптор: - Мақалды тиісті тыныс белгілерімен толықтырады Көркем жазады Жарайсың! ҚБ: 1-10 балл Дескриптор:	Оқулық оқулық  Оқулық
---------------------------------	--	--	--	---

Сабақты қорыту 3минут	түсір. Осы дыбыстары бар кестені толтыр. ЕБҚ және ЕҚБ 21-тапсырма Ребусты шеш. Ребустың шешуіндегі сөзге қарсы мағыналы сөзді ата. Сол екі сөзді жаз. Ішінде осы екі сөз қатысатын мақалды айтып көр. ҚЖ: Қуаныш. Талғат бірінші сыныпты үздік бағамен бітірді. Соңғы қоңырауда оған мақтау қағазын тапсырды. Талғаттың қуанышында шек жоқ. Ол қағазын ең алдымен анасына көрсетті. Талғатқа анасы қуанып батасын берді. (27 сөз) Үй тапсырмасы.	жаттығуын жасайды Жеке жұмыс	В, Ф, ц, ч дыбыстары туралы білетінін айтады Осы дыбыстары бар кестені толтырады ҚБ: 1-10 балл Дескриптор: Ребусты шешеді Ребустың шешуіндегі сөзге қарсы мағыналы сөзді атайды Жарайсың!	 Суретте р Таратпа парақтар
Қосымша тапсырма 5минут	Оқушы жұмысы			

Кері байланыс 5 мину	Дыбыс және әріп 	Тапсырманы орындайды. Кері байланыс жасайды.	«Әлеуметтік желі»әдісі	 Кері байланыс с тақтасы
-------------------------------------	--	--	-------------------------------	--

03.06.2024 №D00064

Қазақтың қолөнері арқылы өмірге бейімделу

БОДУКОВА ГУЛЬМИРА РАХИМСЕЙТОВНА
Ұлытау облысы білім басқармасының
Сәтбаев қаласы білім бөлімінің
«Қаныш Сәтбаев атындағы ЖББМ» КММ
Көркем еңбек пәні мұғалімі

Қазақ халқының ұлттық мәдениетінің ең байырғы, аса құнды саласының бірі – қолөнер. Қолөнер өресі биік, өрісі кең өнер.

Қазақ қолөнері өзінің төл тума бітім қасиеттерімен, көркемдік мән мағынасымен өткен асыл қазынасы.

Қолөнер – халық қолөнерімен, тұрмысымен бірге жетіліп, біте қайнасып келе жатыр. Қазіргі кезде сол ұлттық қолөнерді жас ұрпақтың бойына дарытатын, үйрететін технология сабағы мен қолөнерге байланысты үйірмелер болып табылады. Өйткені, өзім қолөнер үйірмесіне қатысу арқылы көп нәрсеге көзім жетті. Біз сияқты өскелең ұрпақтың ойын тереңдетуде, шығармашылық қабілеттерін дамытуда, еңбекке қызығушылықтары мен ой-өрістерін кеңейтуде сонымен қатар эстетикалық талғам деңгейлерін жоғарылату мақсатында – қолөнер үйірмелерінің орны ерекше.

Сәндік қолданбалы қолөнердің қыр-сырымен сусындап, халық шеберлігінің ғасырлар бойы жалғасып келе жатқан керемет шығармаларымен таныса отырып, шеберлікке, іскерлікке, еңбексүйгіштікке шыңдалуына мүмкіндік береді.

Ұлттық қолөнерді игеру арқылы өз халқының тарихи аса құндылықтарын біліп, мәдени мол мұрасын қадірлеп, салт-дәстүрлерді өз бойларына сақтап, кәсіби ісіне қажетті эстетикалық, этникалық, ұлттық қасиеттерін қалыптастыруға негізделген.

Қазіргі уақытта қоғам үнемі даму үстінде. Осы қоғамда өмір сүріп жатқан адамдардың даму деңгейі мен тыныс тіршілігі әр алуан. Бүгінгі күннің өзекті мәселесі саналы да салауатты ұрпақ тәрбиелеу және балалардың шығармашылық дарындылығын дамыту және оны тәрбиелеу. Қазақ халқының ғасырлар бойы аңсаған тәуелсіздікті нығайту, елімізге асқақ руханият пен азаматтықты өркендету үшін бүкіл күш-жігерін жұмылдыруға қажетті құбылыстардың бірі – қазақ халқының ұлттық дәстүрін, мәдениетін, тілін, қолөнерін оқытып

үйрету.

Ата-баба мұрасын бала бойына ұлттық өнер үлгілері арқылы сіңіріп, қолмен істеп, көзбен көрсетіп, тәжірибе арқылы орындап келеміз. Егеменді ел болғалы өз мәдениетімізді, салт-дәстүрімізді, әдет-ғұрып, тұрмыс-тіршілік болмысымызды қайта жаңғыртып жатыр. Әр ұлттың өзіне тән қолөнері бары анық. Халық қолөнерінің түп-тамыры – халықтың өмір сүру салтымен, шаруашылық дәстүрімен тығыз байланысты. Жалпы ұлттық қолөнер бабаларымыздан қалған мәдени мұрамыздың ең асыл құнды қазыналарының бірі. Қолөнер – халық өмірінен, тұрмысымен біте жетіліп, біте қайнасып келе жатыр. Әр мемлекет жастарды қоғамдағы жаңа өзгерістер мен өз халқының тарихы, дәстүрлері мен тіршілік ету, ойлау жүйесі туралы рухани негізін дамыта отырып, білім меңгеруге, еңбек етуге үйретуі қажет.

Н. Назарбаев «Қазақстан әлеуметтік жаңғыртылуы жалпыға ортақ еңбек қоғамына қарай 20 қадам» бағдарламасы аясында жасаған тапсырмаларында халықтың өмірін қолайлы етуіне түсінікті қолжетімді болуын басшылыққа ала отырып, әлеуметтік еңбек қатынастарымен тиімді модельдерін қалыптастыру керек делінген.

Қолөнерге бейімделуде сабақтарда біз бірлесіп топтық және жекеде жұмыс жасаймыз. Бұл деген біз сияқты оқушылардың еңбекке деген саналы көзқарасын өзгертеді.

Қолөнерге баулуда біздердің қазақтың ұлттық ою-өрнектерді ою, оларды бастырмалау, тоқыма мен кесте тоқу сияқты бірнеше жұмыстарды атқарамыз. Ұстазымыз әрбір жұмыс барысында біздің бойымыздан шыдамдылық пен ұқыптылықты, саусақтарының икемділігі мен шапшаң бітіруге деген құлшыныстар сияқты әрекеттердің үнемі болуын ескертіп отырады. Сондықтан болар өз ісімізге деген сүйіспеншілігіміз оянып, өз ісімізге мақтанышпен қараймыз. Өз-өзімізге деген сенімділік пайда болады.

Осындай сенімділіктің арқасында қолөнерге деген қызығушылығымызды арттырып, халық өнерін насихаттап, оны түрлі қиялмен жаңартып, қолөнер бұйымдарының сапасын арттыра беру аса игілікті іс. Өйткені қазақтың қолөнері біздің мәдениетіміздің құрамдас бөлігі. Оны дамыта отырып, әрбір адамның өзінің қабілетіне қарай қолөнерге бейімдеудің, іске икемдеудің маңызы да зор. Бұл деген біздердің жаңа өмірге бейімделіп, мамандықты меңгерудің алғы бастамасы болатыны анық.

МАЗМҰНЫ

- КАМАЛОВА РОЗИГУЛЬ АЛМАХУНОВНА
- МАХМҰТ РУСЛАН
- БОДУКОВА ГУЛЬМИРА РАХИМСЕЙТОВНА